

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
«Республикалық психикалық
денсаулық ғылыми-практикалық
орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны



Республиканское государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения «Республиканский научно-
практический центр
психического здоровья»
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан

Мемлекеттік сатып алу шеңберінен тыс хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы және тапсырыс беруші – ҚР ДСМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК.

Техникалық тапсырма

Сценарийді әзірлеу, фото және бейне түсіру және
іссапар шығыстары бойынша қызметтерді қоса алғанда,
мультимедиялық контент өндіру

Мақсаттар, міндеттер, күтілетін нәтижелер

Мақсат:

Сценарийді әзірлеу, фото және бейнетүсірілім қызметтерін қоса алғанда, мультимедиялық контент өндіру бойынша қызметтер көрсету үшін ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы (РПДФПО) БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасындағы Өкілдігімен бірлесіп жоғары сапалы контент өндіру саласында дәлелденген жұмыс тәжірибесі бар агенттікті/компанияны/ұйымды тартуға ниетті. Барлық өндірілген коммуникациялық өнімдер тапсырыс берушілердің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі аккаунттарында орналастырылады және Қазақстанда ұйымдастырылатын іс-шараларда пайдаланылатын болады.

Байланыс өнімдерінің сипаты түсінікті, эмоционалды және ақпараттық болуы тиіс.

Өндірістік компания РПДФПО және ЮНИСЕФ талаптарына сәйкес бейне-өнімді түсіру және монтаждау үшін суретке түсіруді ұйымдастырудан, сұхбат жүргізуден және сценарий жазудан бастап бүкіл өндірістік цикл бойынша міндеттемелерді өз мойнына алады.

Ұсыныс берген кезде өндірістік компания жұмысты ұйымдастыру үшін тартылатын мамандардың түйіндемелерін және олардың ұқсас жұмыстарының үлгілерін қоса беруі тиіс.

Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін орындаушыға брэнд-бук беріледі, компания оның талаптарын осы техникалық тапсырманы орындау шеңберінде ұстануы тиіс.

Міндеттер:

1. ЮНИСЕФ-тің мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау бағдарламасына қатысқан балалармен, отбасылармен, мамандармен және серіктестермен ұзақтығы 02:00 минутқа созылатын орыс және ағылшын субтитрлері бар қазақ тіліндегі баяндау (көркем) бейнеролигінің сценарийін әзірлеу, бейнетүсірілім және монтаждау.

2. Ұй шаруашылықтарын мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу бойынша сценарийді әзірлеу және графикалық бейнеролик жасау (МИКО-7). Әлеуметтік желілер үшін негізгі нұсқасы ұзақтығы 1:30 мин және телеарналар үшін орыс субтитрлері бар қазақ тіліндегі қысқартылған нұсқасы 01:00 мин.

3. Usupport онлайн платформасын ілгерілету бойынша промо материалдарды өндіру және дизайны, атап айтқанда, жасөспірімдер мен жастардың кәсіби фототүсірілімін ұйымдастыру. Барлық фотосуреттерде оларға жазулар және авторлық құқық көрсетілуі керек.

Күтілетін нәтижелер:

1-санат: Сценарийді әзірлеу, бейнетүсірілім және бейнероликтерді монтаждау қызметтері

- Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы қазақ тіліндегі баяндау (көркем) бейнеролигі үшін сапалы сценарий.

- Ұзақтығы 02:00 минутқа созылатын денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы қазақ тілінде сапалы монтаждалған 1 баяндау (көркем) бейнеролигі, онда кейіпкерлердің өміріндегі өзгерістер/жақсартулар процесі олардың тарихы арқылы көрсетіледі.

- МИКО-7 туралы графикалық бейнеролик үшін бір тілдегі сапалы сценарий.

- МИКО-7 туралы сапалы монтаждалған графикалық бейнеролик, оның негізгі нұсқасы әлеуметтік желілер үшін ұзақтығы 01:30 минут және телеарналар үшін орыс субтитрлері бар қазақ тіліндегі қысқартылған нұсқасы 1 минут.

Бейнелердің жалпы саны: Мүгедек балаларды қолдау бағдарламасы туралы 1 дайын және бекітілген баяндау (көркем) бейнеролигі (сондай-ақ, төмендегі мәліметтерге сәйкес субтитрлері мен сурдоаудармасы бар 3 нұсқа) және МИКО-7 туралы 1 дайын ақпараттық графикалық бейнеролик (сондай-ақ, телеарналарға арналған қысқартылған нұсқа).

Түсірілген бейнематериалдың сапасы – Full HD фотореалистік графикасы. Сондай-ақ, компания жұмыс барысында түсірілген барлық өңделмеген бейнематериалдарды ұсынуы тиіс.

2-санат: Кәсіби фототүсірілімді ұйымдастыру және өткізу қызметтері

- Жасөспірімдермен және жастармен JPEG/PNG форматында кемінде 50 редакцияланған фотосуреттері бар 1 кәсіби фотосессияны ұйымдастыру және өткізу. Барлық фотосуреттерде үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) қысқаша, редакцияланған және жақсы тұжырымдалған

сипаттамалар болуы тиіс. Таңдалған компаниямен фотосуреттер бойынша сипаттамалар пысықталады.

Дайын материалдарды тарату арналары:

1. Тапсырыс берушілердің ресми сайттары, әлеуметтік желілердегі аккаунттар: Facebook, Instagram, Twitter, Youtube, БАҚ.
2. Қазақстанда тапсырыс берушілер ұйымдастыратын іс-шаралар.

Тапсырманың сипаттамасы:

Жұмысты орындау барысында келесі тапсырмалар орындалады деп күтілуде:

1-санат: Сценарийді әзірлеу, бейнетүсірілім және бейнероликтерді монтаждау қызметтері

1. Тапсырыс беруші ұсынған материалдарды зерттеп, тұжырымдаманы әзірлеу:

1) бір немесе бірнеше кейіпкердің оқиғасы арқылы оң өзгерістерді түсіру үшін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды қолдау бойынша 1 баяндау (көркем) бейнеролигі (ең көбі 2 минут).

2) МИКО-7 туралы 1 анимациялық (графикалық) бейнеролик (әлеуметтік желілер үшін ұзақтығы 01:30 минут толық нұсқасы, телеарна үшін ұзақтығы 1 минут қысқартылған нұсқасы).

2. Мақұлданған тұжырымдама негізінде әрбір бейнеролик үшін (көркем және анимациялық) сюжеттік желіні және сценарийді, сондай-ақ толық жазылған бейнеқатары, графикасы, картиналары, дауыстық мәтіні және титрлері бар кадрға бөлуді әзірлеу және тапсырыс берушімен бейне-тарихты бекіту.

3. Тапсырыс берушімен көркем бейнеролик үшін кейіпкерлер мен орындар таңдауды келісу.

4. Бекітілген кестеге және орындарға сәйкес бейне-тарихты түсіруге тиісті жабдықпен команданы (оператор, дыбыс операторы, интервьюер/репортер/продюсер, басқа мамандар) жіберу. Түсірілімдер ҚР аумағында өтеді, нақты орналасқан жерін кейінірек тапсырыс беруші айтады. Тапсырыс берушілер бейнетүсірілім жүргізу үшін рұқсат алуда мүмкіндігінше барлық қажетті көмекті көрсетеді.

5. Фото/бейнетүсірілім жұмыстарын жүргізуге балаларды тарту кезінде 18 жасқа толмаған баланың ата-анасының (қамқоршысының) жазбаша келісімін міндетті түрде пайдалану. Келісім нысанының үлгісін Тапсырыс беруші таңдаған компанияға береді.

6. Қажет болған жағдайда графиканы қосуды қоса алғанда, ырғақты, жоғары сапалы және қызықты өнімді алу үшін 2 тілде (орыс, ағылшын) субтитрлерді қоса отырып, бейне қатарын монтаждауды жүргізу. Қажеттілігіне қарай бейнематериалдарға фондық музыканы қосу.

7. Көркем бейнеролик 4 нұсқада дайындалуы тиіс:

- 1) қазақ тілінде субтитрсіз;
- 2) орыс тілінде субтитрлері бар қазақ тілінде;

3) ағылшын тілінде субтитрлері бар қазақ тілінде;

4) сурдоаудармасы бар қазақ тілінде. Бұл қызметті орындаушы дербес немесе қосымша қосалқы мердігерлік шарт бойынша көрсете алады. Тапсырыс беруші тек негізгі іріктелген компанияға төлем жасауды жүзеге асыратын болады.

8. Көркем бейнероликтің 4 нұсқасының әрқайсысы рұқсат етілген форматтарға сәйкес әр түрлі демонстрация көздерінде көрсетуге жарамды рұқсаттарда дайындалуы тиіс:

- телеарнада трансляциялауға арналған формат пен рұқсатта (1920 x 1080, FullHD);

- LED экрандарында трансляциялауға арналған формат пен рұқсатта (ажыратымдылық 1920x1080, FullHD);

- WhatsApp топтарында және басқа мессенджерлерде вирустық бейнені таратуға арналған формат пен рұқсатта (16 Мб-тан аспайтын, MP4 кодтау: H264 + aac);

- Instagram әлеуметтік желілерінде (рұқсат – кемінде 600×600 px; тараптар арақатынасы – 1:1; «салмақ» – 4 Гб дейін; ұзақтығы – 1 минутқа дейін).

9. Қазақ тілінде өңделген және оқылған субтитрлерді және қажет болған жағдайда орыс және ағылшын тілдеріндегі дыбыстық фрагменттерді қоса отырып, жақсы кәсіби дикторлары бар жоғары сапалы дауыстық жазба. Дикторларды тапсырыс берушімен бекіту қажет.

10. Баяндау (көркем) бейнеролигінің алдын ала нұсқасын ұсыну. Тапсырыс беруші алғашқы монтаждан кейін алдын ала нұсқасына өзгерістерді сұрай алады. Өзгерістерді орындау және бекіту үшін қайта ұсыну. Бұл кезеңде өзгерістердің/түсініктемелердің тағы бір циклі болуы мүмкін. Талап етілетін өзгерістерді енгізу арқылы баяндау (көркем) бейнеролигін пысықтау.

11. Қажетті логотиптер, субтитрлер мен пәкшоттарды қоса отырып, бейнероликтің соңғы монтажы.

12. Баяндау (көркем) бейне-тарихына арналған бейнероликтердің үлгілері:

- <https://www.youtube.com/watch?v=qYHVpgA-8SA>,

- <https://www.youtube.com/watch?v=rfWhQUz2J70>,

- <https://www.youtube.com/watch?v=oKhzx1c7sUM>.

13. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін бейнетүсірілім бойынша егжей-тегжейлі техникалық нұсқаулар беріледі.

14. Анимациялық (графикалық) бейнеролик әлеуметтік желілерде көрсетуге жарамды форматта және рұқсатта болуы тиіс.

15. Графикалық роликтің алдын-ала нұсқасын ұсыну. Тапсырыс беруші алғашқы монтаждан кейін алдын ала нұсқасына өзгерістерді сұрай алады. Өзгерістерді орындау және бекіту үшін қайта ұсыну. Бұл кезеңде өзгерістердің/түсініктемелердің тағы бір циклі болуы мүмкін. Талап етілетін өзгерістерді енгізу арқылы графикалық роликті пысықтау.

16. Басқа елдерде жасалған МИКО бейнелерінің мысалдары:

- MICS 6 is coming! - YouTube,
- MICS Multiindikator klaster kuzatuvı - YouTube,
- Белорустар қаншалықты бақытты? - YouTube.

2-санат: Кәсіби фототүсірілімді ұйымдастыру және өткізу қызметтері

1. Мәдени, гендерлік және басқа да түрлі аспектілерді ескере отырып, әрбір фотосуретке үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) қысқаша сипаттамамен жасөспірімдер мен жастарды суретке түсіру. Фотосуреттердің ең аз саны – 50 (елу). Барлық фотосуреттерде авторлық құқықты көрсету міндетті. Фотосуреттер әртүрлі аудиториялар үшін жарамды болуы тиіс және жалпы қызығушылық тудыруы керек. Тапсырыс берушілер мүмкіндігінше таңдалған жерде суретке түсіру үшін рұқсат алуға барлық қажетті көмекті көрсетеді. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін жасөспірімдермен жұмыс істеу бойынша этикалық ережелерді қосқанда, суретке түсіру бойынша нұсқаулар беріледі. Барлық фототүсірілімдер фототүсірілім жүргізілетін елдімекендердің бас санитар дәрігерлерінің қаулыларына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, жүргізілуі тиіс.

2. Барлық жоғары сапалы суреттерге қысқаша, өңделген және жақсы жазылған жазулар жазу. Суреттер енгізілген, IPTC код форматында енгізілген қолтаңбалармен, сондай-ақ Word форматында жеке файлда үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген қолтаңбалармен болуы тиіс. Қолтаңба түсірілім күні мен орны (елдімекен, аймақ), баланың аты-жөні және жасы/ересек адамның аты-жөні, сурет кейіпкерінің қысқаша сипаттамасы (кәсібі, олар суретте не істейді, қандай туыстық қатынасы бар) туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Файлда авторлық құқық көрсетілуі керек.

3. Балалардың заңды өкілдерінің (ата-аналар/қамқоршылардың) келісім нысандарына қол қоюын қамтамасыз ету. Қол қойылған келісім нысандары сканерленген түрде сурет(-тер) нөмірімен/кодымен бірге ұсынылуы тиіс.

4. Фотосурет түсіру кезінде фотосуреттегі кейіпкерлердің мүдделері мен олардың қадір-қасиетін қорғау басымдыққа ие болатындай, кейіпкерлері ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен жастар, мигранттардың балалары, АИТВ-мен және басқа да созылмалы аурулармен өмір сүретін адамдар болып табылатын оқиғаларды дұрыс жариялауды қамтамасыз ету.

Нәтижелер

Нәтиже	Орындау мерзімі
- Екі бейнеге бекітілген сценарий (баяндау (көркем) және графикалық)	2023 ж. қыркүйек соңына дейін
- Мүгедек балаларды қолдау бағдарламасы туралы 1 дайын және бекітілген баяндау (көркем) бейнеролигі (субтитрлері мен сурдоаудармасы бар барлық нұсқаларды қоса алғанда)	2023 ж. қазан соңына дейін

- Орыс тіліндегі субтитрлері бар қазақ тіліндегі МИКО-7 туралы 1 дайын ақпараттық графикалық бейнеролик (телеарналарға арналған қысқаша нұсқасын қоса алғанда) - Сипаттамалары бар 50 өңделген фотосурет	
---	--

Тапсырманың орналасқан жері мен ұзақтығы

Іс-шаралардың нақты кестесі өтінім және жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары негізінде компаниямен/агенттікпен/мердігерлермен келісілетін болады. Таңдалған компания 2023 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында қажетті жұмыстарды (сценарий жазу, бейнетүсірілім, монтаждау, бейнероликтер шығару және субтитрлер қою) жүргізуі керек деп болжануда. Түсірілім Қазақстанның қалаларында және/немесе аудандарында орындалатын болады. Компания тапсырыс берушімен келісім бойынша бейне түсіруді жүзеге асыратын бір қаланы таңдай алады.

Жол жүру және логистикаға байланысты барлық жағдайлар таңдалған компанияның жауапкершілігі болып табылады, күтілетін шығындар қаржылық ұсыныста нақты жазылуы тиіс. Келісімшарт жасаушымен байланыс телефон арқылы және тапсырма үйлестірушісімен электрондық хабарламалар алмасу арқылы жүзеге асырылады. Бекіту, келісу және мақұлдау электрондық түрде жүргізілетін болады.

Талап етілетін біліктілік немесе мамандандырылған білім/тәжірибе:

· Графикалық бейнероликтер өндірісі және толық циклдің бейнетүсірілімі жөніндегі компания. Көрнекі ақпарат объектілерін құруға арналған жобалық тапсырмамен жұмыс істеуге, сондай-ақ 3D, 2D компьютерлік графика, анимация, бейнетүсірілім, монтаждау және дыбыс жазу, кәсіби графикалық дизайнерлермен және тиісті білімі бар редакторлармен кемінде 2 жыл кәсіби тәжірибесі бар жоғары сапалы қызметтерді ұсынуға қабілетті.

· Компанияда барлық қажетті кәсіби жабдықтар болуы керек: кемінде 2384*4240 ажыратымдылығы бар DSLR бейнекамералары, штатив, тұрақтандыру жүйесі, кемінде 500 Вт қуаты бар жарықтандыру құрылғылары, дыбыс жазу жүйесі, дрон, редакциялау және субтитрлерге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, жарқылдар, штативтер; визуалды ақпарат, сәйкестендіру және коммуникация объектілері элементтерінің эскиздері мен түпнұсқаларын әзірлеуге және дизайнына арналған кез келген қажетті жабдық; визуалды ақпарат, сәйкестендіру және коммуникация объектілерін құру және түзету үшін қажетті компьютерлік бағдарламалар. Осы ТТ тапсырыс берушісі жабдық үшін қосымша ақы төлемейді, төлем тек көрсетілген қызметтер мен өнімдер үшін ғана төленеді.

· Компания тапсырманың атауын, орындау жылын, тапсырыс берушінің байланыстарын көрсете отырып, осындай тапсырмаларды орындауға арналған портфолио ұсынуы тиіс.

- Компанияның белгіленген кестеге сәйкес сұралған қызмет көлемін көрсете алатын мамандардың жеткілікті санын ұсына алатын мүмкіндігі болуы тиіс.

- Барлық түсірілген және дайындалған материалдар Тапсырыс берушінің қалауына байланысты телеарналарда, үлкен экрандарда, веб-сайттарда немесе әлеуметтік желілерде пайдалануға жарамды жоғары сапалы болуы керек.

- Компания тапсырыс берушімен байланысуға жауапты бір байланыс тұлғасын тағайындауы керек. Байланыс тұлғасы клиентке ұялы байланыс, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қолжетімді болуы тиіс.

- Егер қызметтердің сапасы тапсырыста көрсетілген сапаға сәйкес келмесе, компания кез-келген қызметтерді өз есебінен жасауға дайын болуы тиіс.

- Халықаралық ұйымдармен алдыңғы жұмыс тәжірибесі артықшылық ретінде қарастырылады.

- Компания субтитрлер жасау немесе бейнематериалды талап етілетін тілде дауыстау үшін сөйлеу мен түсініктемелердің мағынасын ашу мен аудармасын (қазақ, орыс, ағылшын) жасай алуы тиіс. Бұл қызметті компания дербес немесе қосымша қосалқы мердігерлік шарт бойынша көрсете алады. Тапсырыс беруші тек негізгі іріктелген компанияға төлем жасайды.

- Компания осы техникалық тапсырманың талаптарына толық сәйкес келетін техникалық ұсынысты ұсынуы керек.

Бағалау процесі мен әдісі

Техникалық ұсыныста өтінімге қатысушылар Техникалық бөлімде мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынуы тиіс:

1. Заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын құжаттар;
2. Әр тілде кемінде 1 үлгісі бар, әр санат бойынша кемінде 3 орындалған жұмыс үлгісі бар кәсіби портфолио;
3. Сапаны қамтамасыз ету тәсілін, орындау мерзімін кешіктіруді, қателерді түзетуді және осы салалардағы тәуекелдерді азайтуды қоса алғанда, қызмет көрсету үшін қолданылатын әдіснаманың сипаттамасы;
4. Компанияның жұмысқа тартылатын мамандарының түйіндемелері (сценаристтер, операторлар, фотографтар, бейне монтаж жасаушылар, графикалық дизайнерлер және т.б.) және олардың бұрынғы жұмыстарының үлгілері;
5. Алдыңғы немесе бар клиенттердің кем дегенде 2 оң ұсынысы;
6. Фото және бейне мазмұнын өндіруге қажетті жабдықтар тізімі;
7. Компанияның тапсырманың техникалық өлшемшарттарына сәйкестігін дәлелдейтін басқа құжаттар;
8. Бағалау техникалық нәтижесі техникалық тұрғыдан сәйкес деп қарау және қаржылық бағалауда одан әрі қарау үшін техникалық бағалау үшін белгіленген 140 мүмкін баллдың 90-на тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

9. Ұсыныстар келесі техникалық өлшемшарттар негізінде бағаланады:

Техникалық өлшемшарттар	Техникалық нақтылаушы өлшемшарт	Ең жоғарғы балдар саны = 140
Жалпы сәйкестік	Ұсыныстың толықтығы	20
	Мердігердің тапсырмаларды және Техникалық тапсырма талаптарына сәйкес тапсырмаларды қалай орындау ұсынылатынын түсінуі	20
Балдар		40
Ұйымдастыру және негізгі қызметкерлер	Қызметтердің барлық санаттары бойынша ұқсас жобаларды орындаудағы компанияның\ұйымның тәжірибесі	30
	Қызметтердің барлық санаттары бойынша алдыңғы жұмыстардың үлгілер	20
	Қызметтердің барлық санаттары бойынша негізгі қызметкерлер: команданың тапсырмасын орындау үшін ұсынылатын тиісті тәжірибесі мен біліктілігі	20
Балдар		70
Ұсынылатын әдістеме мен тәсіл	Сапаны қамтамасыз ету тәсілін, орындау мерзімін кешіктіруді, қателерді түзетуді және осы салалардағы тәуекелдерді азайтуды қоса алғанда, қызмет көрсету үшін қолданылатын әдіснаманың сипаттамасы	30
Балдар		30

Әкімшілік талаптар

Техникалық ұсыныстан басқа, конкурсқа қатысатын компаниялар қаржылық ұсынысты ұсынуға міндетті, оған әр коммуникациялық өнім бойынша көлік шығындары да кіруі керек.

Көлік шығындары (ұшу және тұру) Қазақстан бойынша орташа есеппен есептелуі тиіс, өйткені оқиға кейіпкерлерінің және фото және бейнетүсірілім орындарының географиялық орналасуы өзгеріп отыруы мүмкін.

Барлық ықтимал шығыстар, ҚҚС және басқа да қолданылатын тікелей, жанама салықтар, баждар және т.б. қаржылық ұсыныста да көрсетілуі тиіс.

Ұсыныстың Техникалық ұсыныстарын қабылдау мерзімі техникалық тапсырма жарияланған күннен бастап **2023 жылғы 10 тамыз күнгі сағат 09.00-ге дейін** қабылданады.

Қабылдау орны: Алматы қ., Амангелді к-сі, 88.

Шарттар:

Қатысқан жағдайда жоғарыда көрсетілген мекенжайға төмендегі мәліметтерді қамтыған конвертті жіберуді сұраймыз:

1. Барлық болжамды шығыстар көрсетілген қаржылық ұсыныс;
2. Техникалық өлшемшарттарды растау.

Ұсыныстары бар конверттерді ашу 2023 жылғы 10 тамыз күні сағат 09.30-да Алматы қаласы, Амангелді көшесі 88, үшінші қабат, №1302 каб. конференц-залы мекенжайы бойынша жүргізіледі.

Қосымша ақпаратты aassykpayeva@unicef.org,
r.muzafarov@mentalcenter.kz электрондық мекенжайлары бойынша алуға
болады.